



МАРИЯМ ХАКИМЖАНОВА

**1906-1995**

**МӘРИЯМ ХАКІМЖАНОВА**

(16 ҚАРАША 1906,  
ҚАЗІРГІ ҚОСТАНАЙ  
ОБЛЫСЫ ҚОСТАНАЙ  
АУДАНЫ ҚОБЫЛАНДЫ А.  
— 1995, АЛМАТЫ) — АҚЫН, ҚР-  
НЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ  
(1986).

АБАЙ АТЫНД. ҚАЗПИ ЖАНЫНАН АШЫЛҒАН ЖҰМЫСШЫЛАР  
Ф-ТІН БІТІРГЕН (1934).

“ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ” ЖУРНАЛЫНДА ӘДЕБИ ҚЫЗМЕТКЕР (1929 —  
1932), ЖАУАПТЫ ХАТШЫ (1932),

ОРЫНБОР ОБЛЫСЫ АДАМОВКА АУДАНЫ “ЕКПІНДІ”  
ГАЗЕТІНДЕ БӨЛІМ МЕҢГЕРУШІСІ (1936 — 1937),

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНДА ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫ  
БӨЛІМІНІҢ МЕҢГЕРУШІСІ (1938 — 1944),

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ИН-ТЫНДА КІШІ ҒЫЛ. ҚЫЗМЕТКЕР (1945  
— 1947),

РЕСП. КІТАП ПАЛАТАСЫНДА (1947 — 1951),

“ЖАҢА ӨМІР” ЖУРНАЛЫНДА (1951 — 1956),

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛ. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫНДА АҒА  
РЕДАКТОР (1956 — 1958) ҚЫЗМЕТТЕРІН АТҚАРДЫ.

ШЫҒАРМАЛАРЫ

ТҰҢҒЫШ ӨЛЕҢІ “ЖЕНОТДЕЛЬГЕ” 1929 Ж. “ӘЙЕЛДЕР ТЕҢДІГІ” ЖУРНАЛЫНДА  
ЖАРИЯЛАНДЫ.

АЛҒАШҚЫ ЖИНАҒЫ “ЖЕҢЕШЕМ ӨЛЕҢДЕРІ” 1935 Ж. ЖАРЫҚ КӨРДІ.  
КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘНШҮК МӘМЕТОВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ОТАН  
СОҒЫСЫНДАҒЫ ЕРЛІГІН ЖЫРЛАҒАН “МӘНШҮК” ПОЭМАСЫ (1945, ОРЫС ТІЛІНДЕ  
1947),

“АНА МАХАББАТЫ” (1953, ТАҢДАМАЛЫ),

“ АНА КӨКТЕМІ” (1963),

“ГҮЛ ТУРАЛЫ АҢЫЗ” (1970), Т.Б. 30-ҒА ТАРТА ӨЛЕҢ, ПОЭМАЛАРЫ,  
БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН “БӨБЕГІМ МЕНІҢ — ӨЛЕҢІМ МЕНІҢ” (1959),

“АНА МЕЙІРІМІ” (1964) ЖЫР ЖИНАҚТАРЫ БАСЫЛДЫ.

ХАКІМЖАНОВА МӘРИЯМ ӨЗ ЖЫРЛАРЫНДА ОТАН, ӨМІР, БЕЙБІТШІЛІК ТУРАЛЫ  
ҮЛКЕН АЗАМАТТЫҚ ОЙ ТОЛҒАЙДЫ. ОЛ БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ Т.ДИКТИҢ “ОТТЫ  
БҰЛАҚ” ПОВЕСІН, ҚЫРҒЫЗ АҚЫНДАРЫ А.ТОҚАМБАЕВТЫҢ, Т.САТЫЛҒАНОВТЫҢ  
ӨЛЕҢДЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРДЫ. ХАКІМЖАНОВА МӘРИЯМ-НЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ  
ШЕТ ЕЛ ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛҒАН.



АТАҚТЫ АҚЫН, ҚР-НЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ, ЕҢБЕК ҚЫЗЫЛ ТУ, 2РЕТ «ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ» ОРДЕНДЕРІМЕН ЖӘНЕ БІРНЕШЕ МЕДАЛЬДАРМЕН МАРАПАТТАЛҒАН ХАКІМЖАНОВА МАРИЯМ 1995 ЖЫЛЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ӨМІРДЕН ӨТЕДІ. БІРАҚ АРТЫНДА ҚАЛҒАН ҮЛКЕН МҰРАСЫ ӨМІРІН ТОҚТАТҚАН ЖОҚ. БІР КЕЗДЕ ЖИНАҒАН МАТЕРИАЛДАР ЗЕРТТЕУГЕ ҚАЖЕТ ЕҢБЕК БОЛЫП ЕСЕПТЕЛСЕ, БҮГІНДЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ ЗЕРТТЕУ НЫСАНАСЫ БОЛЫП ОТЫР. ҚОРЫТА АЙТҚАНДА, ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫН ЖИНАҚТАУДЫҢ НЕГІЗГІ ДЕРЕККӨЗДЕРІ, ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАМЫЗДЫҢ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН КІТАПТАР ЖӘНЕ ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

АТА ТАРИХЫМЫЗДЫ ТАНЫП – БІЛУДЕ МҰНДАЙ ЖАЗБА МҰРАЛАРДЫҢ МӘНІ ЗОР. СОЛ СЕБЕПТІ ӘРҚАНДАЙ РУХАНИ – ЖАЗБА МҰРАЛАРЫМЫЗҒА МҰҚИЯТ ҚАРАП, ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ МӘН БЕРІЛГЕНІ ЖӨН. СОНАУ ЕСТЕ ЖОҚ ЕСКІ ЗАМАНДАРДАН БІЗГЕ ӘРЕҢ ЖЕТКЕН КЕЗ КЕЛГЕН ЖАЗБА МҰРАМЫЗДЫ КӨНЕНІҢ КӨЗІНДЕЙ КӨРІП, КӨЗДІҢ ҚАРАШЫҒЫНДАЙ САҚТАЙ БІЛЕЙІК.